

№34 орта мектебі бойынша
Педагогикалық кеңес пен қамқоршылық кеңес мүшелерінің біріктіріле өткізілген
отырысының
№1 хаттамасы

2021 жылдың 5 қаңтарында Ақтөбе қаласындағы №34 орта мектебінде педагогикалық кеңес пен қамқоршылық кеңес мүшелерінің біріктірілген отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті 64

Қатысқаны 63

Қатыспағаны 1

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылының III тоқсанындағы сабақ кестесімен қоңырау кестесін бекіту, оқитын класс бөлмесін бөліп анықтау.
2. Мектептегі қосымша ақылы пәндердің төлем ақысын өзгерту туралы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.К.Бекбулатова сөз алды: Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мектептерді санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың сақталуын тексеру бойынша жұмыстар жүргізеді. Кезекші сыныптардың жұмысы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып жүзеге асырылатын болады. Кезекші сыныпта оқуға созылмалы аурулары бар балалар жіберілмейді. Балалардың ата-анасы немесе заңды өкілі оқушыны санитарлық қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етеді. Оның ішінде бетперде, қолды өңдеуге арналған жеке құтыдағы антисептик немесе бактерияға қарсы дымқыл салфетқалар бар. Сонымен қатар балаларға әлеуметтік арақашықтықты сақтау туралы түсіндіріледі, ата-аналар баласын мектептің сыртқы есігіне дейін алып кіреді және оқу күні аяқталғаннан кейін сол жерден алып кетеді. Сонымен қатар білім алушылар мен педагогтар басқа қызметкерлермен байланысты барынша қысқартып, мектеп алаңдарын пайдалану кезінде әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз етуге мән беріледі. Әр сыныпқа жеке кабинет бөлінеді, сол жерде ғана оқитын болады. Әрбір сынып үшін жеке үзіліс уақыты белгіленеді. Оқушылардың температурасы күн сайын өлшенетін болады. Әр ауысым сайын мектеп дезинфекцияланады. Айта кетейік, баласының кезекші сыныпқа баруы үшін ата-ана мектеп директорының атына өтініш беруі керек. Оны кез келген байланыс құралы арқылы сынып жетекшісіне жібере алады. Басты талап – санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтау. Сол себепті кезекші сыныпта 15 баладан артық болмайды. Әр партада бір бала отырады. Сабақ 40 минуттан аспайды.


Келесі сөз мектеп қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ш.Ж.Жонысоваға берілді. Мектептегі ақылы пәндер бойынша оқушылардың және де ата-аналардың пікірлерін тыңдап, сабақтардың сапасы жоғары екендігіне көз жеткіздік. Былтырғы оқу жылында ақылы сабақтардың төлем ақысы 1500тг болатын, берілген оң пікірлерді ескере отырып 2000 тг өзгертуді жөн санаймын. Басқа оқу орындармен салыстырғанда біздің мектептің төлем ақысы қол жетімді, ата-аналардың қалтасы көтере алатындай төлем ақы екедігін айтқым келеді.


Төмендегідей шешім қабылданды:


1. 2020-2021 оқу жылының III тоқсанындағы сабақ кестесімен қоңырау кестесі бекітілсін, әр кезекші сыныпта 15 баладан отырғызылып, үзіліз сайын дезинфекциялау жұмысы жүргізілсін.

2. Мектептегі ақылы пәндердің төлем ақысы 2000теңгеге өзгертілсін.


Қамқоршылық кеңесінің төрайымы  - Жонысова Шәрбат Жаугаштиевна


Қамқоршылық кеңес мүшесі  Сагинтаева Калия Сагинтаевна


 Ермагамбетова Гулбану Куандыковна

 Құдайберген Орал Болатович

 Курамысов Адиль Сагидуллаевич

 Мурсалова Акмарал Амангалиевна

 Балышов Ұбынғаббас Бақытович

 Бегимбетова Меруерт Жалгыскановна